

**РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

**Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ К.И.САТПАЕВА**

**5В090800 – БАҒАЛАУ
МАМАНДЫҒЫНЫҢ
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

**КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН
СПЕЦИАЛЬНОСТИ
5В090800 – ОЦЕНКА**

Алматы 2015

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**5В090800 – БАҒАЛАУ МАМАНДЫҒЫНЫҢ
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

Алматы 2015

Элективті пәндер каталогы Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде бекітілген 2015 жылғы «» (№ хаттамасы). Алматы, ҚазҰТУ, 2015.

Каталог элективті пәндердің (таңдау бойынша компоненттердің) тізімін, пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттерін, пәнді оқыту мақсатын, олардың қысқаша мазмұнын, күтілетін нәтижелерін қамтиді.

БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың тандалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады.

5B090800 – «БАҒАЛАУ»

Академиялық дәрежесі:
қызмет көрсету саласындағы бакалавр

1 курс

№	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәндердің атауы	Кредит саны
1	БП 1.2.2	MVZE 1209	Экономика есептерін шығару әдістері	3
2	БП 1.2.2.1	InfER 1209.1	Экономикалық есептеулерді ақпараттандыру	3
3	БП 1.2.3	VS 1210	Мамандыққа кіріспе	3
4	БП 1/2/3/1	OE1.2.10.1	Экономика негіздері	3
5	БП 1.2.4	TM 1211	Машина жасау технологиясы	2
6	БП 1.2.4.1	TS 1211.1	Құрылыс технологиясы	2

MVZE 1209**Пререквизиттер:****Постреквизиттер:****Пәнді оқыту мақсаты:****Қысқаша мазмұны:****Күтілетін нәтиже:****Экономика есептерін шығару әдістері – 3 кредит****Математика, Информатика, Экономикалық теория негіздері.****Нарықтық экономика модельдері, Бизнес-жобаларды ақпараттық талдау.**

Келесі курстарды оқыту кезінде қажетті кешенді теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдылар беру.

Сандық әдістерін экономикалық есептерді есептеу барысында қолдану және жүзеге асыру. Математикалық модельдер құру және оларды шешудегі барынша қолайлы әдістерді талдау. Экономикада қолданылатын абсолютті және салыстырмалы қателік. Математикалық модель және оның негізгі элементтері. Экзогендік және эндогендік айнымалылар. Mathcad, Excel ортасында логистикалық есептерді шешу алгоритмін құрастыру және шығару әдістерін таңдау. Кіру және шығу ақпаратын анықтау. Ақпаратты Mathcad, Excel-де көрсету. Есеп шешу барысында құрылымды функцияларды қолдану. Сандық тәжірибе өткізу.

Курсты меңгерту қазіргі заман маманының базалық және кәсіби құзіреттілігін, дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

InfER 1209.1**Пререквизиттер:****Постреквизиттер:****Пәнді оқыту мақсаты:****Қысқаша мазмұны:****Экономикалық есептеулерді ақпараттандыру – 3 кредит****Математика, Информатика, Экономикалық теория негіздері.****Нарықтық экономика модельдері, Бизнес-жобаларды ақпараттық талдау.**

Келесі курстарды оқыту кезінде қажетті кешенді теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдылар беру.

Қаржы есептеулерінің негізгі түсініктері мен әдістері. Инфляция және салық салу жағдайларында пайыз белгілеу, салық салу, төлемдер ағымы. Операцияның ақырғы қаржылық нәтижелерін анықтау, әртүрлі операциялардың тиімділігін салыстыру, соңғы нәтижелердің операцияның негізгі параметрларынан тәуелділігін анықтау, қаржы операцияларын орындаудың жоспарын құрау, келісім-шарттың, шарттарының эквивалентті өзгеруінің параметрлерін есептеу. Бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз етуші шарттың шектік параметрлерін анықтау. Қаржылық рентаның параметрлерін есептеу.

Күтілетін нәтиже:	Курсты меңгерту қазіргі заман маманының базалық және кәсіби күзiреттiлiгiн, дағдысын қалыптастыруға мүмкiндiк бередi.
VS 1210	Мамандыққа кiрiспе – 3 кредит
Пререквизиттер:	Экономикалық теория негiздерi.
Постреквизиттер:	Жылжымайтын мүлiктi бағалау, Машиналарды, қондырғыларды және көлiк құралдарын бағалау.
Пәндi оқыту мақсаты:	Меншiктi, жериеленушiлiктi бағалауда, бағалау заңдамасында ғылыми және тәжiрибелiк дүниетанымдар қалыптастыру, нарықтық жағдайды, жылжымайтын мүлiк құнына ықпал ететiн факторларды талдау қабiлеттiлiгiн дамыту.
Қысқаша мазмұны:	Меншiк түсiнiгi және анықтамасы. Қазақстан Республикасының бағалау қызметi туралы Заң. Жылжымайтын мүлiк құнына ықпал ететiн факторлар. Бағалау қағидалары. Бағалау нысандарына бағалау жүргiзу тәртiбi. Жылжымайтын мүлiк құнын нарықтық бағалау кезiндегi құқықтық сараптама. Жердi таратылым әдiсiмен (қалдық құны бойынша) бағалау.
Күтілетін нәтиже:	Курсты меңгеру нәтижесiнде студенттер: <ul style="list-style-type: none"> – бағалау қызметi туралы заңдаманың мәнi мен негiзгi қағидаларын, бағалаудың қызметiн, бағалау қызметiнiң бағыттары мен мамандандырылуын бiлу керек; – жылжымайтын мүлiк объектiлерiне меншiк құқығының түрлерiн анықтай бiлу, бағалаудың анықталған қызметiне арналған құнының түрiн анықтай бiлу керек; – осы пәннiң арнайы экономикалық терминологиясын және лексикасын, жылжымайтын мүлiктiң бағалау қағидаларына қажеттi құндық факторларын анықтау бойынша бiлiмдердi игеру керек.
ОЕ 1210.1	Экономика негiздерi – 3 кредит
Пререквизиттер:	Математика
Постреквизиттер:	Экономикалық теория негiздерi
Пәндi оқыту мақсаты:	Экономиканың негiзгi ұғымдарын, сұраныспен ұсыныстың инфляциятын маңыздылығын, даму тарихымен есептеу негiздерiн меңгерту.
Қысқаша мазмұны:	Экономика негiзiн салушылар мен негiзгi ұғымдарының қалыптасуы. Экономикалық көрсеткiштердiң есептелуi мен қолдану жолдары, капиталданғыру ұғымы. Еңбек ресурстары, инвестиция түсiнiгi. Шығындар мен кiрiстер, сұраныс пен ұсыныс икемдiлiгi.
Күтілетін нәтиже:	Курсты меңгерту экономиканың бағалау саласындағы қолданылуы жiне қаржылық талдау жасу кезiнде сараптама жасауды меңгеруге мүмкiндiк бередi.
ТМ 1211	Машина жасау технологиясы – 2 кредит
Пререквизиттер:	Математика.
Постреквизиттер:	Машиналарды, қондырғыларды және көлiк құралдарын бағалау.
Пәндi оқыту мақсаты:	Машина тетiктерiн жасау технологиясын жобалауды, дайындаманы тандаудың теориялық және тәжiрибелiк дағдыларын беру.
Қысқаша мазмұны:	Металл кесу станоктарының өңделетiн тетiктердiң сапасын

камтамасыз етуі. Машиналарды, оның тораптары мен тетіктерін жасаудың технологиялық үрдістерін жобалаудың негізгі қағидалары. Машина тетіктерін жасаудың технологиялық үрдістерін жобалау. Машина тетіктерін жасаудың типтік технологиясы. Машина жасау жұмысын автоматтандырудың негізгі бағыттары. Машинажасау технологиясын жетілдірудің қазіргі заманғы тенденциялары мен болашағы.

Күтілетін нәтиже:

Курсты меңгерту бағалау саласындағы қазіргі заман маманының базалық және кәсіби құзіреттілігін, дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

TS 1211.1

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Құрылыс технологиясы – 2 кредит

Математика.

Машиналарды, қондырғыларды және көлік құралдарын бағалау.

Пәнді оқыту мақсаты:

Жекелеген өндірістік үрдістерді тиімді құрылыс материалдары мен құрылымдарын қолдана отырып орындау әдістерінің, заманауи техникалық құралдардың, жұмысшылардың еңбектерін үдерісті ұйымдастырудың теориялық негіздерін меңгерту.

Қысқаша мазмұны:

Құрылыс материалдары туралы негізгі ұйымдар. Құрылыс үрдістері және оларға қойылатын талаптар. Құрылыс үрдістерін жобалау. Инженерлік дайындық, жолдар. Құрылыс үрдістерін орындау бойынша машиналардың өндірушілігін анықтау бойынша жалпы ережелер. Жерді өңдеу бойынша құрылыс үрдістерінің технологиясы. Құрылыс үрдістерін орындау сапасын бақылау. Бетонды және темірбетонды құрылымдарды тұрғызу бойынша құрылыс үрдістерінің технологиясы. Іргетастар жіктемесі және құрылыс технологиясы. Жерге қабырғаларды тұрғызу технологиясы. Құрылыстың құрылымдарды монтаждау технологиясы. Тас қалау технологиясы. Жабындарды салу технологиясы. Гидрооқшаулау және жылу өткізбеу құрылысының технологиясы. Жекелеген жабындарды төсеу технологиясы. Едендерді төсеу технологиясы.

Күтілетін нәтиже:

Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:

- өндірістің теориялық негіздерін, құрылыс-монтаждау жұмыстарының және негізгі техникалық құралдардың негізгі түрлерін, құрылыс үрдістерін және оларды рационалды түрде таңдау дағдыларын білу керек;
- технологиялық құжаттарды құрастыру және орындаушы құжаттарды жүргізе білу керек;
- құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуына сандық және сапалық бағалау жүргізу және құрылыс үрдістерін орындаудың тиімді ұйымдастырушылық-технологиялық модельдерін құра отырып, операциялық құрамдарды талдау бойынша дағдылары болуы керек.

2 курс

№	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәндердің атауы	Кредит саны
1	БП 2.2.8	Men 2212	Менеджмент	3
2	БП 2.2.8.1	Mar 2212.1	Маркетинг	3
3	БП 2.2.9	Fin 2213	Қаржы	3
4	БП 2.2.9.1	CC 2213.1	Баға және баға белгілеу	3
5	БП 2.2.10	Mac 2214	Макроэкономика	3
6	БП 2.2.10.1	GRE 2214.1	Экономиканы мемлекеттік реттеу	3
7	БП 2.2.11	FM 2215	Қаржылық менеджмент	3
8	БП 2.2.11.1	FRP 2215.1	Қаржы нарықтары және делдалдар	3
9	БП 2.2.13	IN 2216	Жылжымайтын мүлікті инвентаризациялау	3
10	БП 2.2.13.1	TI 2216.1	Техникалық инвентаризация	3
11	ПД 2.3.1	MSO 2303	Бағалаудың халқаралық стандарттары	3
12	ПД 2.3.1.1	PROD 2303	Бағалау қызметін құқықтық реттеу	3

Men 2212

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Күтілетін нәтиже:

Менеджмент – 3 кредит

Экономикалық теория негіздері.

Қаржылық менеджмент, Жобаларды басқарудағы ақпараттық технологиялар.

Басқару туралы базалық білім мен түсініктерді тәжірибелік және теориялық тұрғыдан қалыптастыру; Қазақстандағы сияқты шетелде де басқару әдістерін анықтау.

Менеджменттің мәні мен қағидалары. Басқарушылық ойдың даму кезеңдері. Ұйымдардағы коммуникациялар мен менеджмент. Ұйым қызметін жоспарлау және мақсаттарын тағайындау. Басқару стратегиясын қалыптастыру және оны жүзеге асыру. Өзара әрекеттілікті және күзiретiлiктi ұйымдастыру. Ұйымдар құру. Мотивация басқару функциясы ретінде. Менеджменттегі басқарушылық шешімдер. Менеджмент жүйесіндегі бақылау. Ұйымдағы билік, ықпал, көшбасшылық. Көшбасшылық: басшы стилі. Шиеленістерді, өзгерістер мен күйзелістерді басқару. Ұжымның әлеуметтік-психологиялық құрылымы. Менеджменттегі инновациялар.

Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:

- бизнесті жүргізуде әдістемелерді қолдану дағдыларын қалыптастыру;
- заманауи ұйымдарда елдердің даму ерекшеліктерін ескере отырып, басқару әдістемелігі, әдістері мен қағидалары саласында терең білімдер алу;
- басқарудың тұжырымдамалық теориясын меңгеру, ұйымдарда басқару құрылымдары мен функцияларын қалыптастыру.

Mar 2212.1

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Маркетинг – 3 кредит

Экономикалық теория негіздері.

Макроэкономика, Экономиканы мемлекеттік реттеу.

Маркетингтік қызметті жүргізу бойынша теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдылар қалыптастыру.

Маркетинг түсінігі, ерекшеліктері, функциялары. Клиенттік

нарық ұғымы, әртүрлілігі. Сатып алу маркетингі, мақсаты мен түрлері. Тауарлар сұранысы мен технологиясының өміршеңдік циклі. Қазақстандағы тауарлардың жіктелуі. Тауарлық таңбаларды меншіктеу тәжірибесі. өндіріс құралдары нарығын зерттеу ерекшеліктері мен бағыттары. Тауарлар нарығының қағидалары мен критерийлері. Тауарлар нарығын сегментациялар үрдісі. Тауарларды орнықтыру, орнықтыру стратегиясы. Жеткізушілерді таңдау критерийлері. Жеткізушілердің мүмкіндіктерін бағалау әдістемесі. Стратегиялық маркетинг. Алға басу стратегиясы және олардың ерекшеліктері. Алға басу бағдарламасы және тиімділігін бағалау. Курсты меңгерту маркетинг саласына қажетті білімдер мен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтиже:

Fin 2213

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қаржы – 3 кредит

Экономикалық теория негіздері.

Кәсіпорын экономикасы.

Мемлекеттік және жеке ақша қорларын қалыптастыру, тарату және қолдануды ұйымдастыру бойынша қатынастар негіздері мен заңнамалықтарын меңгерту.

Қысқаша мазмұны:

Экономикалық ғылымдар жүйесіндегі қаржы туралы ғылым, категорияның теориялық негіздері, қоғамдық ұдайы өндірісте қаржыны пайдалану. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін ұйымдастыру. Қаржы саясаты мен қаржы механизмі. Қаржыны басқару, қаржылық жоспарлау, әлеуметтік-экономикалық, жоспарлау мен оның өзара байланысы. Қаржының құқықтық негіздері. Қаржылық бақылаудың объективтік шарттастылығы және жүргізудің алғы шарттары. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы, қаржы жүйесінің бастапқы буыны ретінде, оның ұдайы өндіріс үрдісіндегі оның рөлі. Коммерциялық және коммерциялық емес секторлардың қаржының ұйымдастырудың ерекшеліктері.

Күтілетін нәтиже:

Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:

- мемлекеттік шығындардың пайда болу көзін, мемлекет қаржысы мен қаржы құрылғыларын басқару жүйесін білу керек;
- шығындар құрылымын талдау білу керек;
- қаржылық бақылауды жүргізу дағдыларын меңгеру керек.

СС 2213.1

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Баға және баға белгілеу – 3 кредит

Экономикалық теория негіздері.

Макроэкономика, Экономиканы мемлекеттік реттеу.

Баға белгілеу саласындағы теориялық білімдерді оқыту, баға белгілеудің тәжірибелік негіздерімен таныстыру және нарықтық экономикадағы басқарушылық қызметтің маңызды дағдыларын қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны:

Бағаның экономикалық мәні. Баға белгілеуші факторлар: сұраныс, ұсыныс, бәсекелестік. Нарық жағдайларындағы баға функциялары. Баға жүйелері. Баға элементтері мен құрылымдары. Баға белгілеу қағидалары. Бағаны қалыптастыру әдістері. Нарықтың әртүрлі типтеріндегі баға белгілеу ерекшеліктері. Өзіндік құн бағаның бастапқы негізі ретінде. Пайда және бағаны көтеру баға элементтері ретінде. Бағаны

Күтілетін нәтиже: мемлекеттік реттеу. Қазіргі кезеңдегі ҚР-дағы баға белгілеуді ұйымдастыру. Баға белгілеу стратегиясы. Нарықтың әртүрлі типтеріндегі кәсіпорын бағасын құру спецификасы. Шетелдердегі баға белгілеу және бағаны реттеу ерекшеліктері. Курсты меңгерту нарық жағдайындағы бағабелгілеу саласына қажетті білімдер мен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мак 2214

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Макроэкономика – 3 кредит

Экономикалық теория негіздері, Микроэкономика.

Қаржы нарығы және делдалдар, Кәсіпорын экономикасы.

Келесі курстарды оқыту кезінде қажетті кешенді теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдылар беру.

Инфляция, жұмыссыздық, экономикалық өсу мен құлдырау мәселелері. Макроэкономикалық көрсеткіш-тер. Жалпы ұлттық өнім, баға деңгейі, жұмыссыздық деңгейі, таза экспорт. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдегі нарықтың тепе-теңдіктің макро-экономикалық үлгісі, нарықтардың өзара әрекеттесу үлгілері және оларда ақша-несиелік (монетарлы), салық бюджеттік (фиксалды) және сыртқы саясат әсерінен туындайтын өзгерістер. Ашық экономика және қысқа мерзімді модельдері, экономикалық цикл; нарық қаржысындағы қалыптасуының механизмі мен құрылымы, банк жүйесі мен несие; қор биржасы, оның механизмінің қалыптасуы; қаржы нарығы.

Күтілетін нәтиже:

Курсты меңгерту қазіргі заман маманының базалық және кәсіби күзіреттілігін, дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

GRE 2214.1

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Экономиканы мемлекеттік реттеу – 3 кредит

Экономикалық теория негіздері, Микроэкономика.

Қаржы нарығы және делдалдар, Кәсіпорын экономикасы.

Келесі курстарды оқыту кезінде қажетті кешенді теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдылар беру.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің объективті қажеттілігі мен ғылыми-теориялық негіздері. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістемелігі жөніндегі ұғым, оның элементтері. Экономиканы реттеудің ұйымдастырушылық негіздері мен шетелдік тәжірибесі. Экономиканы мемлекеттік реттеудің субъектілері, объектілері. Экономикалық өсудің негізгі факторлары, оны қамтамасыз етудегі мемлекеттік шаралар. Әлеуметтік-экономикалық болжау мен жоспарлаудың экономиканы мемлекеттік реттеудегі рөлі. Ғылыми-техникалық үдерістің бағыттары, оны жеделдету жөніндегі мемлекеттік шаралар. Халықты еңбекпен ұтымды қамту, оны әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеудің негізгі бағыты.

Күтілетін нәтиже:

Курсты меңгерту қазіргі заман маманының базалық және кәсіби күзіреттілігін, дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

FM 2215

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қаржылық менеджмент – 3 кредит

Экономикалық теория негіздері, Менеджмент, Қаржы.

Кәсіпорын экономикасы, Операциялық менеджмент.

Қаржыны басқарудың, ақша ағындарын зерттеудің, мезгіл бойынша ақша құнын білудің, қаржылық активтер мен

Қысқаша мазмұны:	<p>инвестициялық жобаларды бағалаудың теориялық және әдістемелік негіздерімен таныстыру.</p> <p>Қаржылық менеджменттің мазмұны мен функциялары. Қаржылық менеджменттің базалық көрсеткіштері. Тәуекел және пайда. Актив қоржындарын басқару. Капитал құны. Капитал салымын таңдау критерийлері. Инвестициялық жобаның ақша ағындарын болжамдау. Капитал салым бюджетін оңтайландыру. Операциялық негізгі әсерлігі. Заемдық құралдарды тарту саясаты. Капитал құрылымының теориясы. Дивидентті саясатты басқару. Ұзақ мерзімді қаржыландырудың дәстүрлі әдістері. Ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау. Ағымдық шығындарды басқару. Өндірістің дивидендтік саясаты және даму саясаты. Фирманың айналым активтері мен қысқа мерзімді міндеттемелерін басқару. Кәсіпорын қызметінің рентабельділігін, теңгерімінің өтімділігін, іскерлік белсенділігі мен тиімділігін, төлемқабілеттілігін есептеу әдістемесі.</p>
Күтілетін нәтиже:	<p>Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – қаржы менеджерінің функциялары мен міндеттерін; қаржыны басқару тәжірибелерін мен әдістемесін білу керек; – ақша ағындарын талдау және кәсіпорынның қаржылық қажеттіліктерін жоспарлау; қаржылық активтер мен инвестициялық қоржындардың тәуекелін бағалау әдістерін анықтай білу керек; – капитал құнын және капитал салымдарының бағасын; қаржыландыру түрлерінің ерекшеліктерін талдауды игеру.
FRP 2215.1 Пререквизиттер: Постреквизиттер: Пәнді оқыту мақсаты:	<p>Қаржы нарықтары және делдалдар – 3 кредит Экономикалық теория негіздері, Қаржы. Кәсіпорын экономикасы.</p>
	<p>Негізгі қаржы нарықтары мен оның инфрақұрылымдарын қазіргі Қазақстан республикасының даму ерекшеліктерімен есепке ала, сонымен қатар олардың қаржы нарығында қызмет көрсетуін толығымен жетілдіре отырып оқыту.</p>
Қысқаша мазмұны:	<p>Қаржы нарығының инфрақұрылымы мен құрамдас элементтері. Ақша нарығы және оның қаржы құралдары. Несие және депозит нарықтары: мәні мен маңыздылықтары. Валюта нарығы және валюталық операциялар. Бағалы қағаздар нарығы, оның қызметі және құрылымы. Сақтандыру нарығы және оның Қазақстан Республикасында дамуы. Зейнетақы нарығы. Қаржы делдалдығы және қаржы делдалдары. Коммерциялық банктердің қаржы нарығындағы қызметі. Зейнетақы қорларындағы қаржы институттары. Инвестициялық компаниялар мен қорлары. Мамандандырылған қаржылық-несиелік институттар. Қаржы нарығын қадағалау және реттеу бойынша Агенттіктің қызметі. Әлемдік қаржы нарығының құрылуы мен дамуы. Халықаралық бағалы қағаздар нарығы.</p>
Күтілетін нәтиже:	<p>Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – қаржы нарығы мен қаржы делдалдардың қызмет көрсетулерінің теориялық аспектілерін білу; – Қазақстан Республикасы аумағындағы қаржы делдалдарының қызметтерін талдауды жүргізе білу; – Қазақстан қаржы нарығының негізгі даму мәселелерін ашып

көрсету, әлемдік қаржы нарығының негізгі кезеңдерінің реттелуін анықтау дағдыларын игеру.

IN 2216

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Күтілетін нәтиже:

**Жылжымайтын мүлікті инвентаризациялау – 3 кредит
Бағалаудың теориялық негіздері.**

Жылжымайтын мүлік экономикасы, Бағалаудың халықаралық стандарттары.

Мүлікті инвентаризациялаудың мәні, оның Қазақстан экономикасы мен нарығындағы қалыптасу рөлі туралы қажетті теориялық білімді игеру.

Жылжымайтын мүлікті инвентаризациялау пәні, әдістері, міндеттері, мазмұны. Жылжымайтын мүлікті инвентаризациялау түрлері. Жылжымайтын мүлікті инвентаризациялау заңнамалық негізі. Меншік құқығын бағалау үшін сенімді ақпаратпен қамтамасыз етуде инвентаризация бойынша техниканың рөлі. Инвентаризация жүргізу технологиясы мен сәйкесінше құжаттама рәсімдеу тәртібі. Мүлікті бағалау бойынша бағалаушы-сараптамашының біліктілік сипаттамасы. Заңгер мен бағалаушының өзара байланыстарының қажеттігі. Бағалаушының ақпараттық қолжетімділігі мен жұмысының қамтамасыз етілуі. Бағалаушы қызметінің этикалық нормалары мен ережелері. Сыртқы және ішкі аудит үшін инвентаризацияның мәні.

Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:

- инвентаризация жүргізу кезінде негізгі терминдер мен ұғымдарды түсініп, инвентаризациялау міндеттері, негізгі мақсаттары туралы білу;
- ғимараттардың тозу құрылымын дұрыс анықтап, жылжымайтын мүлікті бағалау және нақты нарықтық бағасын анықтау үшін алынған мәліметтерді дұрыс қолдана білу;
- жылжымайтын мүлікті инвентаризациялауда тәжірибелік біліктілікті игеру.

TI 2216.1

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Күтілетін нәтиже:

**Техникалық инвентаризация – 3 кредит
Бағалаудың теориялық негіздері.**

Жылжымайтын мүлік экономикасы, Бағалаудың халықаралық стандарттары.

Инвентаризациялаудың мәні, оның Қазақстан экономикасы мен нарығындағы қалыптасу рөлі туралы қажетті теориялық білімді игеру.

Техникалық инвентаризациялау пәні, әдістері, міндеттері, мазмұны. Инвентаризациялау түрлері. Инвентаризациялаудың заңнамалық негізі. Сыртқы және ішкі аудит үшін инвентаризацияның мәні. Қысқа мерзімді активтерді инвентаризациялау ерекшеліктері. Ақша құралдарын инвентаризациялау ерекшеліктері. Қорларды инвентаризациялау ерекшеліктері. Ұзақ мерзімді активтерді инвентаризациялау ерекшеліктері. Негізгі құралдарды инвентаризациялау ерекшеліктері. Материалдық емес активтерді инвентаризациялау ерекшеліктері. Кредиторлық және дебиторлық қарыздарды инвентаризациялау ерекшеліктері.

Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:

- инвентаризация жүргізу кезінде негізгі терминдер мен ұғымдарды түсініп, инвентаризациялау міндеттері, негізгі мақсаттары туралы білу;
- ғимараттардың тозу құрылымын дұрыс анықтап, мүлікті бағалау және нақты нарықтық бағасын анықтау үшін алынған мәліметтерді дұрыс қолдана білу;
- техникалық инвентаризациялауда тәжірибелік біліктілікті игеру.

MSO 2303

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Күтілетін нәтиже:

Бағалаудың халықаралық стандарттары – 3 кредит

Бағалаудың теориялық негіздері.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау, Бизнесі бағалау.

Бағалаудың теориялық негіздерін, негізгі ұғымдары мен анықтамаларын, сонымен қатар мүлікті бағалаудың тәжірибелік тәсілдерін, бағалау нысандарын бағалау кезінде қолданылатын құралдар мен әдістемелерді қолдануды меңгерту.

БХС-на алғысөз және кіріспе. БХС 2011-дегі негізгі өзгерістер. БХС 2011 анықтамалары мен қағидалары. БХО 101 Бағалауға тапсырма. БХО 102 Бағалауды жүргізу. БХО 103 Есеп беруді құру. БХО 200 Бизнес және бизнестегі қатысу құқығы. БХО 210 Материалдық активтер. БХО 220 Машиналар және қондырғылар. БХО 230 Жылжымайтын мүлікке берілетін құқықтар. БХО 233 Құрылыс сатысында инвестициялық мүлік нысандары. БХО 250 Қаржылық құралдар. БХО 300 Қаржылық есептілікке арналған бағалар. Мемлекеттік сектордағы мүлік нысандары, машиналар мен қондырғылар. БХО 310 Кепілді несиелеуге арналған жылжымайтын мүлік құқығын бағалау. Негізгі терминдер тізімі.

Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:

- бағалау нысандарын бағалауға қажетті негізгі ұғымдар мен ақпараттар жүйесін, бағалаудың негізгі тәсілдерін, мүлікті бағалау бойынша қабылданған халықаралық стандарттар жүйесін білу керек;
- жылжымайтын мүлікті бағалай білу, материалдық емес активтер мен интеллектуалды меншікті бағалай білу, негізгі қорларды бағалай және қайта бағалай білу, бағалау бойынша есеп берулерде бағалаудың халықаралық стандарттарын тәжірибеде қолдана білу керек;
- бағалау нысандарын бағалау кезінде қолданылатын құралдар мен әдістемелерді қолдану дағдыларын игеру керек.

PROD 2303.1

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Бағалау қызметін құқықтық реттеу – 3 кредит

Құқық негіздері, Мамандыққа кіріспе.

Жылжымайтын мүлік экономикасы және оны басқару.

Бағалау қызметінің негізгі заңнамалық актілерімен таныстыру, нысан құнын бағалау келісім-шарты туралы, БҚ лицензиялау, бағалаушылардың азаматтық жауапкершіліктерін сақтандыру туралы түсініктер беру, БҚ келісім-шарттары мен стандарттары бойынша бағалаушылардың құқықтарымен және міндеттерімен, ҚР-дағы БҚ-н жүзеге асыруға арналған негізгі талаптармен, ҚР-дағы бағалаушылардың негізгі өзін-өзі реттеуші ұйымдарымен таныстыру.

Нормативтік және заңнамалық актілер: Бағалау қызметі туралы

заң, Бағалау қызметінің субъектілерінің жылжымайтын мүлікті бағалау әдістеріне қойылатын талаптарды қолдануы бойынша ережелер. Құқық иелігін беретін құқық тағайындаушы құжаттамаларды ұйымдастыру мен дайындау тәртібіне қойылатын арнайы талаптар: жылжымайтын мүлік және олармен жасалынатын мәмілелерге мемлекеттік тіркеу; мемлекет меншігіндегі жер үлестерінің ипотекасына, сату-сатып алу құқығына немесе жерді тұрақты қолдану құқығы; жер үлестерін кепілге алу тәртібінің құқығы мен ипотекалық несиелерді қамтамасыздандыруда жерді қолдану құқықтары және т.с.с. Сараптамашы-бағалаушының біліктілік сипаттамасы. Заңгер мен бағалаушының өзара байланысының қажеттігі. Нормативтік және әдістемелік құжаттамалар тізімі. Бағалаушылардың қызметі және олардың қызметтерінің дамыған шет елдердегі құқықтық негізі. Бағалаушы қызметінің этикалық негіздері мен ережелері.

Күтілетін нәтиже:

Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:

- бағалау қызметінің негізгі заңнамалық актілерін, БҚ келісім-шарттары мен стандарттары бойынша бағалаушылардың құқықтары мен міндеттерін білу керек;
- бағалаудың қағидалары мен әдістерін дұрыс қолдана білу, бағалау туралы есеп беруге талдау жасай білу керек;
- бағалау қызметінің заңнамалық актілерімен жұмыс жасау бойынша дағдылары болуы керек.

3 курс

№	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәндердің атауы	Кредит саны
1	БП 3.2.1.7	SD 3217	Сметалық іс	3
2	БП 3.2.17.1	Bud 3217.1	Бюджеттеу	3
3	БП 3.2.18	IABP 3218	Бизнес жобаларды ақпараттық талдау	2
4	БД 3.2.18.1	ABU 3218.1	Бухгалтерлік есепті автоматтандыру	2
5	БП 3.2.19	BA 3219	Бағалау қызметіндегі бизнес талдау	3
6	БП 3.2.19.1	AMO 3219.1	Бағалау қызметіндегі талдау әдістері	3
7	БП 3.2.20	EMMM 3220	Экономикалық-математикалық модельдеу	3
8	БП 3.2.20.1	MRE 3220.1	Нарықтық экономика модельдері	3
9	БП 3.2.21	SPOD 3221	Бағалау қызметін басқаруға жүйелік талдау	2
10	БП 3.2.21.1	OM 3221.1	Операциялық менеджмент	2
11	ПД 3.3.2	OURLP 3304	Оңалту және тарату жағдайында кәсіпорынды бағалау	3
12	ПД 3.3.2.1	AU 3304.1	Дағдарысқа қарсы басқару	3
13	ПД 3.3.3	OMOT 3305	Машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарын бағалау	3
14	ПД 3.3.3.1	ONTS 3305.1	Жердегі көлік құралдарын бағалау	3
15	БП 3.2.16	EC 3217	Кәсіпорын экономикасы	3
16	БП 3.2.16.1	EOP 3217.1	Өнеркәсіп экономикасы және оны ұйымдастыру	3
17	ПД 3.3.5	ON 3306	Жылжымайтын мүлікті бағалау	3
18	ПД 3.3.5.1	OILP 3306.1	Өнеркәсіпті тарату кезінде мүліктерді бағалау	3
19	ПД 3.3.6	OZZK 3307	Жерді бағалау және жер кадастры	3
20	ПД 3.3.6.1	EOZ 3207.1	Жерді экономикалық бағалау	3

SD 3217

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Сметалық іс – 3 кредит

Экономикалық теория негіздері, Бухгалтерлік есеп және аудит.

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау, Қаржылық есепті бағалау

Экономикалық талдау тәжірибесінде сметалық-нормативтік база құрастыру мен әдістерін қолдануды және макро-, микродеңгейлерде және аймақтық экономикада индикативтік жоспарлау құруды меңгерту.

Сметалық істе қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар. Дамушы нарық жағдайындағы құрылыста баға белгілеу қағидалары. Құрылыс өнімдеріне сметалық бағалардың ерекшеліктері. Құрылыс өнімдеріне сметалық бағалардың құрамы. Жұмыстардың құрылысы мен өндірісін ұйымдастыру бойынша жобалық құжаттама және оның сметалық құжаттамамен байланысы. Құрылыс пен құрылыстық-монтажды жұмыстардың сметалық құнының құрамы мен құрылымы. Ғимараттар мен құрылыстардың жіктелуі. Жұмыстардың негізгі құрылыстық көлемдерін есептеу ережелері. Сметалық құжаттама. Сметалық құжаттама түрлері. Жергілікті сметаларды құру. Материалдарға, бұйымдар мен құрылысқа сметалық бағаны анықтау. Құрылысқа жиынтық сметалық құжаттаманы құру. Құрылыс келісім-шарттарындағы сметалық мәселелер. Сметалық есептеулерді автоматтандыру. АВС-4 бағдарламалық кешені

	және оны қолдану.
Күтілетін нәтиже:	<p>Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – экономикалық талдау тәжірибесіндегі сметалық-нормативтік базаны құрастыру мен әдістерін қолдану және экономикалық үрдістердің индикативтік жоспарын құрастыру негіздері мен ақпаратты өңдеу әдістерін, сонымен қатар сәйкесінше бағдарламалық жүйелер жұмысын білу керек; – сметалық-нормативтік база әдістерін, жоба, сметалық нормалар, бағалар, бағалаулар мен өндірістік үрдістерді басқару бойынша есептерді шешу кезіндегі басқа да деректер негізінде құрылыс өніміне баға белгілеу әдістері мен әдістемелерін құрастыра білу және қолдана білу, ресурстарды тарата білу мен өнімді өткізе білу, құрылыстың сметалық құнын анықтай білу керек; – экономикалық үрдістерді теориялық дамытудың алғышарттары негізінде міндеттерді талдау дағдыларын игеру керек.
Bud 3217.1	Бюджеттеу – 3 кредит
Пререквизиттер:	Экономикалық теория негіздері, Бухгалтерлік есеп және аудит.
Постреквизиттер:	Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау, Қаржылық есепті бағалау
Пәнді оқыту мақсаты:	Негізгі ұғымдар мен қағидаларды, сонымен қатар қаржылық басқарудың, жоспарлау мен бақылаудың тиімді әдістерін қолдану көмегімен тәуекелдерді азайтуды меңгерту.
Қысқаша мазмұны:	Бюджеттеу – ресурстық жоспарлау. Кәсіпорын қызметін басқару, қолдау мен бақылау жүйесіндегі бюджеттік жоспарлау. Кәсіпорын қызметін бюджеттік жоспарлауды ендірудің артықшылықтары. Бюджеттік үрдістерді басқарушылық дайындау. Кәсіпорынның операциялық бюджеттерін есептеуге арналған бизнес-болжамдар. Кәсіпорынның сатылым бюджетін құру. Кәсіпорынның өндірістік қызметін қамтамасыздандыру бюджеттері. Кәсіпорынның болашақ қызметінің қаржылық тиімділігін жалпылама есептеу. Кәсіпорын бюджетіне арналған бизнес-болжамдар. Кәсіпорынның өндірістік қызметін қамтамасыздандыру бюджеттері. Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін жоспарлау. Өнеркәсіптегі бюджеттік үрдістің ерекшеліктері. Өнеркәсіптік кәсіпорынның жиынтық бюджетін құру технологиясы. Ақша құралдарының бюджетін құру. Ақша құралдары қозғалысының бюджеті туралы ережелерді құрастыру әдістемесі.
Күтілетін нәтиже:	<p>Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – бюджеттеу мен бюджеттерді құжаттамалық рәсімдеудің негізгі әдістерін, шаруашылық қызмет бюджеттерін құру қағидаларын білу керек; – жоба, сметалық нормалар, бағалар, бағалаулар мен өндірістік үрдістерді басқару бойынша есептерді шешу кезіндегі басқа да деректер негізінде құрылыс өніміне баға белгілеу әдістері мен әдістемелерін құрастыра білу және қолдана білу, ресурстарды тарата білу мен өнімді өткізе білу керек; – ұйымның төлем қабілеттілігі мен өтемпаздылығын басқаруға арналған ақша құралдарын жоспарлаудың, есебін жүргізу мен

	бақылаудың және қаржылық нәтижелердің талдау технологиялары дағдыларын игеру керек.
IABP 3218	Бизнес жобаларды ақпараттық талдау – 3 кредит
Пререквизиттер:	Математика, Информатика, Экономикалық есептеулерді ақпараттандыру.
Постреквизиттер:	Операциялық менеджмент, Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау.
Пәнді оқыту мақсаты:	Жобаларды басқарудың негізгі ұғымдарымен, жобаларды басқаруды ұйымдастырумен, үрдістерімен, әдістерімен және технологияларымен таныстыру.
Қысқаша мазмұны:	Жобаның міндеттері мен мақсаттарын құрастыру, жобаны бюджеттеу: жобалау барысында тапсырыс берушінің қызығушылығын көрсету; жобалауға, құрылысқа және техникалық қамтамасыздандыруға тендерлер өткізу; қойма жүйелерінің кәсіпкерлік көрсеткіштерін есептік қамтамасыздандыру. Жобаларды басқару үшін жоспарлаушылардың бағдарламаларын қолдану. Экономиканың есептерін желілік кестелер мен жоспарлаушының есебінің көмегі арқылы оңтайландыру. Күнтізбелік жоспарлауды басқару.
Күтілетін нәтиже:	Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер: <ul style="list-style-type: none"> – жобалық менеджменттің негізгі ұғымдарын, бизнес-жобалар құруға арналған ақпараттық ағындарды зерттеу әдістерін білу; – жоба тиімділігін бағалау әдістерін қолдана білу, желілік графикті талдай білу, Гант диаграммасын құра білу және талдай білу; – жобаларды талдау кезінде кәсіби ойлау дағдыларын, кәсіпорынның бизнес-жоспарын құруды ақпараттық қамтамасыздандыру дағдыларын игеру.

AUB 3218.1	Бухгалтерлік есепті автоматтандыру - 2 кредит
Пререквизиттер:	Менеджмент, маркетинг, Жоғарғы математика, Экономикалық теория негіздері.
Постреквизиттер:	Саладағы жүйелік талдау, маркетингті басқару мен ұйымдастыру, ақпараттық жүйелер мен технологиялар.
Пәнді оқыту мақсаты:	Пәнді игеру кезінде студент бағалау қызметіндегі қажетті теориялық және практикалық тәжірибесін толықтыруы қажет .
Қысқаша мазмұны:	Бухгалтерлік есептің қағидалары, бухгалтерлік баланстың мазмұны, бухгалтерлік терминология.
Күтілетін нәтиже:	Студенттерге ұйымды басқару жүйесіндегі бухгалтерлік есептің ролін және кез келген салада нақты бухгалтерлік есепті шешуге қажетті негізгі ережелерді игеруді түсіндіру қажет .

BA 3219	Бағалау қызметіндегі бизнес талдау– 3 кредит
Пререквизиттер:	Бағалау қызметін құқықтық реттеу, Жылжымайтын мүлікті бағалау
Постреквизиттер:	Бағалау қызметіндегі талдау әдістері, Дағдарысқа қарсы басқару.
Пәнді оқыту мақсаты:	Теориялық негіздермен танысу, сонымен қатар, бағалау жұмыстарын жүргізу кезінде бизнес талдауды орындау үшін қажетті тіжрибе жинақтау қажет.

Қысқаша мазмұны:	Бағалау қызметіндегі бизнес талдау ұғымы, бизнес құнви жоғарылату мақсатындағы бизнес процесстердің, регламенттердің, ақпаратық жүйелердің өзгеруіне байланысты талдау жүргізу әдістері мен тәсілдері.
Күтілетін нәтиже:	Оқу процессінде студент нысанды бағалауда нақты әрі сапалы нәтижеге қол жеткізудің әдістерінің жүйесімен танысуы қажет.
АМО 3219.1	Бағалау қызметіндегі талдау әдістері. – 3 кредит
Пререквизиттер:	Бағалау қызметіндегі бизнес талдау Бағалау қызметін құқықтық реттеу, Жылжымайтын мүлікті бағалау
Постреквизиттер:	Бағалау қызметіндегі жүйелік талдау, қаржылық есепті бағлау,
Пәнді оқыту мақсаты:	Бағалаудың сандық әдістерімен танысу, бағлау аспаптары сияқты, әр түрлі талдау әдістерін меңгеру.
Қысқаша мазмұны:	Квалиметрия ұғымы. Модельдеу туралы жалпы ұғымдар. Талдаудың статистикалық аспаптары және олардың бағалаудағы қолданылатын мүмкіндіктері. Құнды бағалаудағы матрицалық алгебра. Алынған мәліметтердің нақтылығы.
ЕММ 3220	Экономикалық-математикалық модельдеу – 3 кредит
Пререквизиттер:	Математика, Информатика.
Постреквизиттер:	Операциялық менеджмент, Шешімдер қабылдау және оңтайлы басқару модельдері мен әдістері.
Пәнді оқыту мақсаты:	Нарықтық экономика жағдайында экономикалық-математикалық әдістер негізінде кәсіпорын қызметін басқару есептері қойылымының қағидалары мен әдістерінің, шешу мен талдаудың теориялық-әдістемелік мәселелерін сипаттау.
Қысқаша мазмұны:	Экономикалық қосымшалар (типтік есептердің мысалдары). Сызықтық бағдарламалаудың теориясы. Қосалқылық теориясы және экономикалық қосымшалар. Сызықтық бағдарламалау есептерін шығарудың сандық есептері. Бүтін санды есептер бағдарламасы, олардың экономикалық қосымшалары мен есептеу әдістері. Математикалық бағдарламалаудың жалпы теориясы. Лангранждың көбейткіштер теориясы, Куна-Таккер теоремасы. Қорларды басқару есептері, желілік модельдер, бұқаралық қызмет ету жүйесі. Динамикалық бағдарламалау әдісі.
Күтілетін нәтиже:	Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер: <ul style="list-style-type: none"> – экономикалық-математикалық модельдеу теориясы-ның негізгі теориялық ережелерін білу керек; – экономикалық есептердің экономикалық-математикалық модельдерін өз бетінше құра білу, экономикалық-математикалық модельдеу барысында алынған нәтижелерді талдай білу керек; – ішкі үрдістерде үрдістер декомпозициясының әдіс-темесін игеруі, бағдарламалық өнімді меңгеруі керек.
MRE 3220.1	Нарықтық экономика модельдері – 3 кредит
Пререквизиттер:	Математика, Информатика.
Постреквизиттер:	Операциялық менеджмент, Шешімдер қабылдау және оңтайлы басқару модельдері мен әдістері.
Пәнді оқыту мақсаты:	Нарықтық экономика жағдайында экономикалық-математикалық әдістер негізінде кәсіпорын қызметін басқару есептері қойылымының қағидалары мен әдістерінің, шешу мен талдаудың теориялық-әдістемелік мәселелерін сипаттау.

Қысқаша мазмұны:	Нарықтық экономиканың құрылымы және элементтері, негізгі экономикалық түсініктер. Міндеттердің жіктелуі. Нарықтық экономиканың модельдерін құрастырудың этаптары. Сызықтық бағдарламалау есептері. Сызықтық бағдарламалау есептерін шешу әдістері. Сызықтық бағдарламалау есебін шешудің геометриялық әдісі. Зуховицкийдің симплекс-әдісі. Қосалқы есептер. Қосалқылық теоремалары. Көлік есебі және оны шығару әдістері. Бүтін санды бағдарламалау есептері. Гоморидің кесіп тастау әдісі. Лэнд және Дойг алгоритмі. Сызықтық емес бағдарламалау есептері және оны шығару әдістері. Дискреттік бағдарламалау есептері және оны шығару әдістері. Литтл алгоритмі. Комбинаторлық типтегі есептер. Кесте теориясы есебі. Желілік есептер. Жобалар портфелін модельдеу. Қорларды басқаруды модельдеу. Бұқаралық қызмет көрсету жүйесін модельдеу.
Күтілетін нәтиже:	<p>Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – экономикалық-математикалық модельдеу теориясы-ның негізгі теориялық ережелерін білу керек; – экономикалық есептердің экономикалық-математикалық модельдерін өз бетінше құра білу, экономикалық-математикалық модельдеу барысында алынған нәтижелерді талдай білу керек; – ішкі үрдістерде үрдістер декомпозициясының әдіс-темесін игеруі, бағдарламалық өнімді меңгеруі керек.
SPOD 3221	Бағалау қызметін басқаруға жүйелік талдау – 3 кредит
Пререквизиттер:	Бағалау қызметіндегі бизнес талдау Бағалау қызметін құқықтық реттеу, Жылжымайтын мүлікті бағалау
Постреквизиттер:	Бағалау қызметіндегі жүйелік талдау, қаржылық есепті бағлау, Бағалау қызметіндегі талдау әдістері
Пәнді оқыту мақсаты:	Бағалу кезінде бизнес талдау жүргізуге қажетті теориялық және практикалық негіздермен танысу.
Қысқаша мазмұны:	Бағалау қызметіндегі бизнес талдау ұғымы, Бағалау қызметіндегі бизнес талдау ұғымы, бизнес құнвн жоғарылату мақсатындағы бизнес процесстердің, регламенттердің, ақпараттық жүйелердің өзгеруіне байланысты талдау жүргізу әдістері мен тәсілдері
Күтілетін нәтиже:	Пәнді игеру кезінде студент нысанды бағалау кезінде дәлелдей алатындай, сапалы нәтиже алуға мүмкін болатын әдістер жүйесімен танысады..
ОМ 3221.1	Операциялық менеджмент – 2 кредит
Пререквизиттер:	Менеджмент, Экономикалық-математикалық модельдеу.
Постреквизиттер:	Өндірістік тәжірибе, Диплом жұмысын жазу.
Пәнді оқыту мақсаты:	Ұйымдастырушылық-экономикалық жүйелерді зерттеу мен басқару теориясын, осы жүйелерді функционалдаудың сипаттаушы механизмдерін басқару қағидаларын, функционалдаудың базалық ұйымдастырушылық механизмдерін меңгерту.
Қысқаша мазмұны:	Ойындар теориясының элементтері, қарама-қарсы емес мүдделі ойындар теориясы, шешім қабылдау теориясы, белсенді жүйелер теориясы және іскерлік ойындарды модельдеу. Ойындарды жеңілдету. Ойындар теориясының есептерін шешудің геометриялық әдісі. Ойын теориясының есептерін сызықтық программалау есептеріне ауыстыру. Басқару теориясының қазіргі

бағыттары. Белсенді жүйелерді басқару теориясы. Басқару механизмінің тиімділігін бағалау. Жоспар және нарық. Жоспарлауды бөліктей орталықтандыру. Қатысушылар саны аз нарық және монопольді нарықтар. Ұйымдастырылған жүйелерін басқарудың базалық механизмдері. Оңтайлы механизмдерді талдау. Ұжымдық шешім қабылдау.

Күтілетін нәтиже: Курсты меңгерту бағалау саласындағы бағалау саласы маманының базалық және кәсіби құзіреттілігін, дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

OURLP 3304

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Күтілетін нәтиже:

Оңалту және тарату кезінде кәсіпорынды бағалау – 3 кредит
Бағалаудың теориялық негіздері, Бағалаудың халықаралық стандарттары.

Интеллектуалды меншікті және материалды емес активтерді бағалау, Тәуекелділікті бағалау.

Бағалау қызметінің негіздерін беру және Қазақстан Республикасының бағалау қызметін реттеуші негізгі заңдар мен ережелерді меңгеру.

Мүлікті бағалаудың негізгі ережелері. Кәсіпорынның ресурстық потенциалы. Кәсіпорын шығындары, оларды мәні және құрамы. Экономикалық орта факторларын талдау. Мүлік нысандарының құнының түрлері. Мүлікті бағалаудың негізгі қағидаларының жіктелімі. Мүлікті бағалаудағы салыстырмалы тәсіл. Мүлікті бағалаудағы шығындық тәсіл. Мүлікті бағалаудағы табыстық тәсіл. Мүліктің бағасы туралы есеп беру құрылымы мен мазмұны.

Курсты меңгеру нәтижесінде студенттер:

- кәсіпорын және мүлік құнын бағалаудың әдістемелік негіздерін, бағалау қызметінің нормативтік-құқықтық және ақпараттық базасын білу керек;
- кәсіпорын құнын бағалауда қолданылатын тәсілдер мен әдістерді қолдана білу керек;
- кәсіпорын жойылған кезде мүлікті бағалау бойынша тәжірибелік есептеу дағдыларын игеру керек.

AU 3304.1

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Пәнді оқыту мақсаты:

Қысқаша мазмұны:

Дағдарысқа қарсы басқару – 3 кредит

Бағалаудың теориялық негіздері, Бағалаудың халықаралық стандарттары.

Өндірістік тәжірибе, Диплом жұмысын жазу.

Дағдарысқа қарсы жағдайлар мен банкрот туындаған жағдайлардағы қатынастарды реттейтін негізгі заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің жалпы ережелерін, негізгі терминдер мен анықтамаларды меңгерту.

Дағдарысқа қарсы басқарудың мәні. Дағдарысқа қарсы басқарудың негізгі міндеттері. Кәсіпорынды қаржылық-экономикалық жақсарту жоспарын құрудың негізгі тәсілдері. Кәсіпорынды жақсарту шараларын құру әдістемесі. Маркетинг бойынша жоспар құру. Өндіріс бойынша жоспар құру. Жақсартудың қаржылық жоспарын құру. Банкротқа ұшыраудың негізгі ұғымдары мен белгілері. Шетел мемлекеттерінің

Күтілетін нәтиже: банкротқа ұшырау институтының негізгі сипаттары. Курсты меңгерту бағалау саласындағы бағалау саласы маманының базалық және кәсіби құзіреттілігін, дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ОМОТ 3305

Машина, жабдықтар және көлік құралдарын бағалау – 3 кредит

Пререквизиттер:

Бағалаудың теориялық негіздері.

Постреквизиттер:

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау, Бизнесі бағалау.

Пәнді оқыту мақсаты:

Машиналардың, қондырғылардың және көлік құралдарының нарықтық құнын анықтау бойынша дағдылар мен біліктіліктерді дамыту.

Қысқаша мазмұны:

